

"Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" заң күші бар Жарлығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 маусымдағы N 550 қаулысы

Ескерту. Жоба Қазақстан Республикасының Парламентінен қайтарып алынды - ҚР Үкіметінің 2004.02.16. N 181 қаулысымен .

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" заң күші бар Жарлығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" заң күші бар Жарлығына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Советінің Жаршысы, 1995 ж., N 9-10, 66-құжат; N 24, 164-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 183-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 22, 789-құжат; N 23, 916-құжат; 2001 ж., N 10, 126-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

18-бап мынадай мазмұндағы 13) тармақшамен толықтырылсын:

"13) Қазақстан Республикасының мемлекеттік материалдық резервін қалыптастыру және сақтау аумағында шаруашылық қызметті жүзеге асыру."

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті